





Қазақстан тарихында Қазақ хандығы дәуірі деп аталатын кезеңге XV ғасырдың ортасы мен XIX ғасырдың бірінші ширегі аралығы жатады. XV ғасырдың ортасында Керей мен Жәнібек хандардың басшылығымен Қазақ хандығы құрылады. Ол мемлекет қазақ жерінде сақ дәуірінен бері жалғасып келе жатқан мемлекеттіліктің жалғасы және қазақ халқының ұлттық сипаттағы мемлекеті болып саналады.



Үш жарым ғасырдан астам өмір сүрген Қазақ хандығы дәуірі өз ішінде екі үлкен тарихи кезеңге бөлінеді. Біріншісі - бір орталықтан басқарылған кезең, екіншісі - бытыраңқылық кезең деп аталады. Бірінші кезеңге хандық құрылғаннан 1715 жылы Тәуке хан қайтыс болғанға дейінгі аралық жатса, ал екінші кезең 1715-1824 жылдар аралығын қамтиды.

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ:



Жәнібек пен Керей сұлтандар Әбілқайыр ханнан бөлініп, жүректерінде азаттық пен бостандықтың жалыны жанған елін ертіп, Батыс Моғолстанның Шу мен Талас өзендері аралығындағы Қозыбасы аймағына қоныстанған. Осындай тарихи оқиғаның бастауы болған бұл шежіреге толы өңірдің, тауы мен тасы, әрбір басқан жері аңыз бен өткен кезендерден сыр шертеді. Тоғыз жолдың торабы Ұлы Жібек жолының бойында орналасқан Әулиеата өңірі қазақ мемлекеттігінің қалыптасуы, оның әлеуметтік, экономикалық, мәдени - рухани орталықтарының қайнар көзі болды. Қазақ хандығының құрылғанына 550 жыл толатын көштің басын бастайтын торқалы тойды Қазақ хандығының туын тіккен өңірі Жамбыл облысы іргесіндегі Қозыбасы шоқысында атап өту, тарихи, ғылыми тұрғыдан алғанда құптарлық жағдай.



Керей мен Жәнібек 1465 жылы алғашқы хандықты құрды, қазақтың мемлекеттілігінің тарихы сол кезден бастау алады. Бәлкім ол бүгінгі шекарасындағы, бүкіл әлемге осынша танымал әрі беделді, осы ұғымның қазіргі мағынасындағыдай мемлекет болмаған да шығар. Бірақ бұлай деп сол кезеңдегі басқа да барлық мемлекеттер туралы да айтуға болады. Ең маңыздысы, сол кезде оған негіз қаланды, біз – бабаларымыздың ұлы істерінің жалғастырушыларымыз.

Қазақстан Президенті
Н.Ә Назарбаев

*«... Қазақ хандығының құрылуы
Қазақстан тарихы үшін белесті кезең...
Бұл оқиғаның саяси ғәм қоғамдық мән-маңызы
Қазақ хандығының Орталық Азиядағы
тұңғыш ұлттық мемлекет болғандығында жатыр».*

Н.Назарбаев




63.3(5Қаз) Аяған, Б. Ғ. Қазақ хандығы тарихы :
А99 құрылуы, өрлеуі, құлдырауы [Мәтін] / Аяған
Б. Ғ., Әбжанов Х. М., Исин А. И. - А. :
Сөздік-Словарь, 2011. – 320 б.

Кітап бүгінгі елдігіміздің тамырын құрайтын Қазақ хандығының тарихына арналған. XV-XIX ғғ. Қазақ хандығы орталықтанған мемлекет болды. Осы жылдары қалыптасқан қазақ елінің шекарасы, тілі, салт-дәстүрі мен мәдениеті сол қалпында Үшінші мыңжылдыққа жетті. Басылымда Қазақ мемлекетін құру мен нығайту жолында күрескен ірі тарихи тұлғалар мен көрнекті өнер адамдарының орны айшықталады. Бұл еңбектің мазмұны ұлттық мемлекеттілікті негіздеуге бағытталған.

Кітап құрылымы көпшілік оқырмандар сұранысына сәйкес үлгімен жасалды. Әдеттегідей ауыр сілтемелер қолданылмайды, тақырыпқа байланысты ғылыми түсініктер мен қылқалам шеберлерінің туындылары, карталар мен кестелер берілді.

Қазақ хандары және олардың билік жылдары (А.Исиннің нұсқасы)





Н.Ә. НАЗАРБАЕВ

Қазақстан Республикасының Президенті

АБЫЛАЙ АҢСАҒАН АЗАТТЫҚ

Абылай Керей мен Жәнібек хандар тіккен Қазақ ордасын еңселі ел ету ісіне саналы ғұмырын арнады. Қазақ хандығы деген ұлан-ғайыр жерімізді жаудан азат етіп, еліміздің етек-жеңін бүтіндеді. Оның қазақ халқының тұғыры берік, жұлдызы жарық ел болуын аңсап, осы қасиетті мақсатқа жету жолында найзаның ұшын ғана емес, дипломатияның күшін де жұмсаған заманының аса көрнекті ханы болғанына тарих куә.

Алмағайып сұрапыл заманда есенгіреген елге ес кіргізіп, бір тудың астына біріктіре білген Абылай ерлігі мен ақыл-парасатын қатар жұмсаған сарабал саясаткерлігінің арқасында қазақ халқын жойылып кетуден сақтап қалды. Осылайша, туған халқының кемел болашағын аңсаған ол **өз дәуірі артқан ұлы жүкті қайыспай көтеріп, ел алдындағы перзенттік парызын атқарып кетті.**

Болашағымыз баянды, тәуелсіздігіміз мәңгілік болуы үшін біз бабалардан қалған аманатты есімізден шығармай, үнемі електен өткізіп отыруға тиіспіз. Өйткені, біз Абылай бабамыз армандаған осы күнге оңайлықпен жеткеніміз жоқ.



Қазақ хандығы құрылған алғашқы кезеңдер



Қазақ хандығының құрылуы туралы жеткен нақты еңбектердің бірі М.Х. Дулатидің «Тарих-и-Рашиди» еңбегі

1465 жылы

Қазақ хандығының құрылуына Керей мен Жәнібек сұлтандардың қазақ тайпаларын бастап, Шығыс Дешті-Қыпшақтан Шу мен Талас өңіріне көшуі себеп болды

Қазақ хандығының бірінші ханы Керей – Орыс ханының немересі. Орыс ханынан Тоқтағай, одан Балағат, одан Керей хан тарайған. Дүниеге келген жылы белгісіз



Керей ханның үш баласы болған: Бұрындық хан, Қожа-Мұхаммед және Сұлтан Әлі. 30 жылдан астам Қазақ хандығын билеген Бұрындық хан

Керейден кейін Жәнібек хан болды. Орыс ханының шөбересі. XV ғасырда өмір сүрген. **1450 жылы** Орыс ханының өмірі мен қызметі туралы нақты дерек жоқ



Халық аңыздары мен әлеңдерінде Жәнібек ханды Өз Жәнібек деп атаған

Жетісуды билеген Моғолстан ханы Есенбұға қоныс аударған қазақтарды Өбілқайырға қарсы пайдалану үшін қарсы алып, қоныс берген

1468 жылы қыста Өбілқайыр хан Қазақ хандығын қиратпақ болып, Жетісуда жорыққа аттанды. Жорық кезінде қаза тапты



Өбілқайыр хан өлгеннен соң өзбек ұлысы өспіреді. Өзбек ұлысының үлкен бөлігі Керей мен Жәнібек ханға қарай

Қазақ хандығы Өбілқайыр ханның мұрагерлеріне қарсы күресте олардың ішкі жансыйртқы қайшылықтарын толығымен пайдаланды

Қазақ хандығы Өбілқайыр хан 40 жыл билеген Шығыс Дешті-Қыпшақ даласын және ондағы көшпелі тайпаларды өзіне қосып алды


XV ғасырдың 70-жылдары Қазақ хандығы Сырдария бойымен оған жағатас Қаратау өңірінің бірсыпыра аймағын қосып алды

1470 жылы

қыста Қазақ ханы Керей Түркістанға шабуыл жасады. Қазақ ханы Өз Жәнібектің үлкен баласы Махмұд сұлтан Созақ қаласын бағындырды, екінші ұлы Еронжі Сууранды алды

Қазақ хандығы құрылған алғашқы кезеңдер

63.3(5Қаз) Әбілқайыр хан [Мәтін]. - [Толық., 2-ші
Ә 20 бас.] - А. : Арыс, 2010. – 344 б.



Қазақ халқының басына түскен ең ауыр кезең - «Ақтабан шұбырынды». 1723 жылы оңтүстік-шығыстан Жоңғар әскерлері қазақтарға соғыс бастап, көптеген жерлерді басып алды. Ұлы жүз қазақтары батысқа, Орта Азия жағынан кетуге мәжбүр болды. Жоңғарлар Еділ қалмақтарының арасында жасырын келіссөздер жүргізіп, күшті біріктіріп, қазақ жерін жаулап алуды ойлады. Жоңғар әскерлері Кіші жүздің жеріне кіріп, Ембі, Сағыз, Ойыл, Торғай өзендеріне дейін жетті. Кіші жүз ханы жаудың ортасында тұрды. Елдің басына түскен ауыр қиын-қыстау шақта әскери күшін біріктіріп, жауға қарсы күреске шыққан адам - Әбілқайыр хан болды.

XVII-XVIII ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ

ХАЛЫҚ

ТАҢИ
ТОЛМАҒА

XVII ҒАСЫРДЫҢ БАСЫ –
ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНДАҒЫ ӨЗАРА ТАРТЫС

1628 жылдың күзі –
ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛЫ БИЛЕУШІСІ, «ЕСІМ ХАННЫҢ ЕСКІ ЖОЛЫ»
ЗАНДАР ЖИНАҒЫН ҚҰРУШЫ ЕСІМ ХАН ҚАЙТЫС БОЛДЫ

1635 жыл –
«ОРТА АЗИЯНЫҢ СОҢҒЫ КӨШПЕНДІ ИМПЕРИЯСЫ»
БОЛҒАН ЖОҢҒАР ХАНДЫҒЫ ҚҰРЫЛДЫ

XVII ҒАСЫРДЫҢ 30-50 жылдары –
ҚАЗАҚТАРДЫҢ ЖОҢҒАР ШАЛҚЫНШЫЛЫҒЫНА
ҚАРСЫ КҮРЕСІ

1643 жыл –
ОРБУҒАҚ ШАЙҚАСЫ, ЖӨҢҒР ХАН ҚАРАМАҒЫНДАҒЫ
БАР-ЖОҒЫ 600 АДАММЕН 50 МЫҢДЫҚ ЖОҢҒАР ӨСКЕРЛЕРІНЕ
ТОЙТАРЫС БЕРДІ

1680 жыл –
ТӨУКЕ ХАН ТҰҚЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТІНІҢ ЖАҢА
НЫҒАЮЫНЫҢ БАСТАЛУЫ

XVII ҒАСЫРДА ХАЛҚЫНЫҢ САНЫ 2 МЛН-ҒА ЖЕТКЕН ҚАЗАҚ
ХАНДЫҒЫ АЛТАЙДАН АТЫРАУҒА, АПАТАУДАН ҚЫЗЫЖАРҒА ДЕЙІНГІ
ҰШАН-ТЕНІЗ ДАЛАНЫ ЖАЙЛАДЫ

XVII ҒАСЫРДЫҢ АЯҒЫ –
МЕМЛЕКЕТТІ НЫҒАЙТУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ҚАЗАҚ
ХАНДЫҒЫНЫҢ ЖАҢА ЗАНДАР ЖИНАҒЫ «ЖЕТІ ЖАРҒЫН» ЖАЗЫЛУЫ

1715 жыл –
ҚАЗАҚТЫҢ ҮШ ЖҮЗІНЕ БИЛІГІ ЖҮРСЕН
ТӨУКЕ ХАН ҚАЙТЫС БОЛДЫ

Қазақ хандығының саяси тарихы

Қазақ хандығы қаршасы барлық елдермен дипломатиялық және саяси қатынастарды жасаған

1594-1595
жылдары

Түркістан мен Ташкентті Ресеймен байланыстырды. Ресейге Барыс рет құлшынымыз елді Барыс, Батысқа Сұлтанмен Қазак хандығына келді

Есім ханның Бұхараның қаласын қалыптастырды.
Түркістан мен Ташкентті Қазак хандығына берді

1598 жылы

1683-1693
жылдары

арханамиш Төуке хан Ресейге бару үшін елді алдырды

1718-1722
жылдары

арханамиш Қазак хандығы Чыңгиз ханын бағындырды
қала және 37 рет алаң атқанды

1722 жылы


арханамиш 30 адам бар. Төле би бағытпен қала мыңдық
қалаларға тұрғынға күш берген. Абылай
ханның бағытына келді

Қазақста 24 Бас хан, 19-20 Жүз хандары
10-ші хандары болды. Одан кейін енгілі
сұлтандар мен батырлар,
билер болды

Қазақ хандығы құрылғанда оның құрамына
32-34 тайпа кірген. Қазақстың үш жүзінің басын
құрады. «Алаш» дегеніміз – «қазақ» аттауының
синонимі. Қазақтың басты ұраны
ері ұлт бірлігінің белгісі

ODDIO ON

63.3(5Қаз) **Абылай хан** [Мәтін] : энциклопедия
А16 / бас. ред. Б. Ө. Жақып. - А.: Қазақ
энциклопедиясы, 2013. – 656 б. : сурет.




Энциклопедия 18 ғасырда ғұмыр кешкен ұлы хан, дарынды әскери қолбасшы, кемеңгер мәмілегер Абылай ханның қазақ халқының басынан өткен зор-зобалаң замандағы қазақтың елдігін сақтап қалудағы тарихи рөлі және ұлтты ұйыстырып, біріктіру мақсаты жолында өзінің бүкіл күш-жігері мен ақыл-парасатын сарп еткен саяси қайраткерлік әрі мемлекеттік істеріне арналған. Энциклопедияда болашақ ханның бозбалалық шағынан ержетіп, есейіп-толысқан кезі, абыройы мен айбыны артып, өскен ортасы мен сұлтандықтан хан дәрежесіне дейінгі көтерілген өмір соқпақтары, Абылайдың арғы ата-бабалары мен одан тараған ұрпақтары мен үрім-бұтақтары, тұстас-замандастары, елі мен жерін жат жұрттықтардан қан кешіп жүріп қорғаған үзеңгілес жаужүрек батырлары, ел болашағының қамын жеген ақылгөй даналар мен билері; қазақ халқының тәуелсіздігі жолында Абылай ханның ұстанған өмірлік мақсат-мұраты жолында күрес жүргізген ілгері-кейінді ел басылары, қаһарман ерлер және ханның өмірі мен еңбегі жайында қалам тартқан ақындар мен жазушылар, ғалымдар мен зерттеушілер, сондай-ақ Абылай ханнан кейінгі ұрпаққа мұра болып қалған жер-су аттары, т.б. қамтылған.



Абылайдың өмір кезеңі (1711–1770 жылдар)

63.3(5Қаз) С89 **Сұлтанов, Т. И.** Қазақ мемлекеттілігінің құрылуы [Мәтін]. Қазақ хандығының тарихы / Тұрсын Сұлтанов. - А. : Мектеп, 2008. - 160 б.



Қасым ханның тұсында қазақтар ұлан-ғайыр байтақ далада өз билігін толық орнықтырды. Бұл кездегі хандықтың шекарасына оңтүстікте Сырдарияның оң жағалауындағы Батыс Түркістан қалаларының көбі, оңтүстік-шығыста тау баурайы мен Жетісу даласының көп жері, солтүстік пен солтүстік-шығыста Ұлытау мен Балқаш көліне дейінгі аймақ пен Қарқаралы тауының сілемдері, солтүстік-батыста Жайыққа дейінгі жерлер кірді.

Қасым хан тұсында әжептәуір нығайғанымен, Қазақ хандығы алайда орталықтанған тұрақты мемлекет бола алған жоқ. Бұл Қасым хан өлгеннен кейінгі сұлтандар арасындағы алауыздық, өзара қырқысудан да анық көрінді. Бұл алауыздық әсіресе сыртқы саяси жағдай қолайсыз болып тұрған кезде хандықтың хал-ахуалына кері әсерін тигізді. Қазақ билеушілеріне қарсы Мәуереннахрдағы өзбек хандары мен Яркенд хандығы әміршілері — *моғолдар* билеушілерінің (Шығыс Түркістандағы көшпелі шағатайлықтарды осылай атаған) одағы қалыптасты.



63.3(5Қаз) **Қазақ** мемлекеттілігінің тарихы
Қ17 [Мәтін] : (ежелгі және ортағасырлық
кезең). - А. : Адамар, 2007. – 432 б.




Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғылыми қызметкерлері даярлаған «Қазақ мемлекеттілігінің тарихы (ежелгі және ортағасырлық кезең)» атты бұл кітап қазақ жерінде шаңырақ көтерген мемлекеттік құрылымдардың арасындағы байланысты анықтауды көздеген арнайы зерттеу болып табылады. Кітап авторларының ортақ тұжырымы бойынша, қазақ мемлекеттілігі – қазақ даласында көне замандардан бері түрлі тарихи кезеңдерде тарих сахнасына көтеріліп, уақыт өте жаңа мемлекеттік құрылымдарға ығысып жол беріп отырған мемлекеттердің табиғи жалғасы әрі мұрагері. Мұндай тұжырым - Отан тарихын зерттеу және баяндау ісінде орын алып келген кемшіліктерді (мәселен ірі тарихи үрдістер мен оқиғалар арасындағы логикалық байланыстың әлсіздігі) жою бағытында жасалған батыл қадам.

Еңбек, Отан тарихының тылсым сырларын білуге құштар оқырманға, тарих пәнінің оқытушылары мен студент жастарға арналған.

63.3(5Қаз) **Мағауин, М.** Қазақ тарихының әліппесі
М12 [Мәтін] : деректі толғам / Мұхтар
Мағауин. - А. : Мектеп, 2008. – 240 б. :
сурет.

"Қазақ тарихының әліппесі" — уақыт жөнінен алғанда, қазақтағы ең алғашқы тәуелсіз тарих кітабы болды. Егемендіктің екінші жылы ғана — ұлттық мамандар жаппай ескіге бет бұрғанымен, өткенді жаңаша зерделеген жекелеген еңбектер бой көрсете бастағанымен, жалпы тарих кітабы жазыла қоймаған. Ұлттық сана, тәуелсіз көзқарас өз алдына. "Қазақ тарихының әліппесі" осы зәрулікті дер кезінде өтеген және қай уақытта да мән-маңызы кемімейтін еңбек болып шықты.






63.3(5Қаз) **Жұмаханов, Т.** Қазақ хандығы [Мәтін]. [2 бөлім : Ж87 Ұлы көш : ХУ- ХУ1 ғасырлар] : Қазақстан балалар энциклопедиясы / Жұмаханов Тілеухан, Жұматаев Бақыт. - А. : Аруна, 2010. – 224 б. : сурет.

Құрметті оқырмандар!

"Аруна" баспасы "Қазақ хандығы" томының II бөлімін ұсынады. Қазақ және орыс тілдерінде жазылған бұл көркем суретті туындыда Орталық Азиядағы XV-XIX ғасырлар аралығындағы қоғамдық-саяси жағдай, тарихи тұлғалардың өмір жолдары мен атқарған істері қызғылықты баяндалған.



63.3(5Қаз) **Сарайшық** билеушілері мен батырлары:
С22 жинақ / құраст. Қ. Орынғали. - А. : Арыс, 2004. – 320 б.



Тарихтың тоң басқан тылсым қойнауынан әлі толық аршылып болмаған Сарайшық сынды алып шаһардың шежіресі — білсем, көрсем дейтін сәулелі ұрпақтың көңіл түпкірінде әр уақытта ұялап жататыны ақиқат. Бүгін сол олқылықтың бір бұрышы қаланғандай — "САРАЙШЫҚ: БИЛЕУШІЛЕРІ мен БАТЫРЛАРЫ" атты танымдық кітапты ойлы оқырманға арнап өрісті сапар, даңғыл жол тілеп, үкілі үмітпен өздеріңізге ұсынып отырмыз.

Кітаптың әр жүрекке жол тауып, санасына сәуле түсіретініне сенімдеміз.




ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ

Қазақ мемлекетінің бас хандары (XV – XVIII ғ. басы)



Қазақ мемлекеті
1456 жылы
Жоңбыр сұлтан, Керей
сұлтан іргесін қалды
Шу, Қызыбасы



15–18 ғасырлардағы қазақ хандары



Қазан хандығы

Сібір хандығы

Қазақ хандығы

Кіші Жүз

Орта Жүз

Ұлы Жүз

Жұңғар хандығы

Сарайшық

Орта-Базар

Семә

Түркістан

Сайран

Семә

Тараз

Іспікхәб

Ташкент

Адайлар

Өзбек хандығы

Моғұлстан



*Бүгінде біздің еліміз барлық
таяу мемлекеттермен
көптасырлық достық және
тапту көршілестік
дәстүрлерін сақтап отыр.
Осы қарым-қатынасты
әрдайым сақтағанымыз
жөн.*

Н.Ә. Назарбаев